



**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығы.

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2018 жылғы 5 мамырдағы  
№ 681 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін  
ӨЗГЕРІСТЕР**

1. "Астана – жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 22, 270-құжат):

2-тармақ алып тасталсын.

2. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 10, 94-құжат):

2-тармақ алып тасталсын.

3. "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі № 1605 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 28, 344-құжат):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

2-тармақ алып тасталсын.

4. "Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 9, 98-құжат):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру және оларға жүктелген функциялар мен міндеттердің сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**".

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 және 2003 жылғы 18 тамыздағы № 1166 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 19 қыркүйектегі № 657 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 38, 404-құжат):

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 21 қыркүйектегі № 873 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 40, 388-құжат):

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары алып тасталсын.

7. "Павлодар" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 186 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 3, 47-құжат):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

2-тармақ алып тасталсын.

8. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 457 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 7, 148-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1 және 3-тармақтары алып тасталсын.

9. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 872 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 48, 472-құжат):

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары алып тасталсын.

10. "Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 62, 486-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты туралы ережеде:

15-тармақ:

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Кеңестің судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеуі кепілдіктерін қамтамасыз етуі жөніндегі жұмысын ұйымдастыру;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Кеңестің қарауына шығарылатын ұйымдық-кадрлық және басқа да мәселелер бойынша талдамалық және өзге де материалдарды дайындау, оның ішінде:

облыстық соттар төрағаларының және сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларға қатысты Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша;

Жоғарғы Сот Төрағасының бос лауазымына кандидатуралар бойынша;

Жоғарғы Сот Төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьяларының, жергілікті және басқа соттар төрағаларының, сот алқалары төрағаларының және судьяларының отставка нысанында өкілеттіктерін тоқтату, отставканы тоқтату мәселелері бойынша;

сот қайта ұйымдастырылған, таратылған, тиісті сот судьяларының саны азайтылған жағдайларда, егер жергілікті және басқа соттардың судьялары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда судья басқа сотқа, басқа мамандануға ауысудан бас тартса, оларды атқаратын лауазымынан босату мәселелері бойынша;

сот қайта ұйымдастырылған, таратылған, өкілеттіктер мерзімі өткен жағдайларда, егер жергілікті және басқа соттардың төрағалары, сот алқаларының төрағалары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда сот төрағасы, сот алқасының төрағасы басқа сотқа, басқа мамандануға ауысудан бас тартса, оларды атқаратын лауазымынан босату мәселелері бойынша;

Жоғарғы Сот судьяларының саны азайтылған жағдайда, егер Жоғарғы Соттың судьялары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жоғарғы Соттың судьясы басқа сотқа, басқа мамандануға ауысудан бас тартса, оларды атқаратын лауазымынан босату мәселелері бойынша;

өкілеттіктер мерзімі өткен жағдайларда, егер Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы басқа сотқа, басқа мамандануға ауысудан бас тартса, оларды атқаратын лауазымынан босату мәселелері бойынша;

аудандық соттың судьясы лауазымына алғаш рет тағайындалған адамның бір жыл мерзім өткеннен кейін жұмыс нәтижелері және Сот жюриінің біліктілік комиссиясы судьяның кәсіби қызметін оң бағалаған кезде, Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша оны бекіту туралы мәселені шешу бойынша;

тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін, кәсіби жарамсыздығына орай немесе "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының талаптарын орындамағаны үшін Жоғарғы Сот Төрағасының Сот жюриінің шешіміне негізделген ұсынуы бойынша, сондай-ақ судья өкілеттіктерін өз тілегі бойынша тоқтатқан, судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және оны басқа жұмысқа ауыстырған, зейнеткерлік жасқа немесе судья лауазымында болудың шекті жасына толған жағдайларда, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын және судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларын атқаратын лауазымынан босату мәселелері бойынша;

медициналық қорытындыға сәйкес кәсіби міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайына байланысты судья өкілеттіктерін тоқтатқан, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы соттың шешімі, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген, қылмыстық іс ақталмайтын негіздер бойынша сотқа дейінгі сатыда тоқтатылған, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған, судья қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы соттың шешімі заңды күшіне енген жағдайларда, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын және судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларын атқаратын лауазымынан босату мәселелері бойынша;

Жоғарғы Сот Төрағасының судья зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін оның судья лауазымында болу мерзімін ұзартуына келісім беру туралы мәселелері бойынша;

Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган басшысының лауазымына кандидатты тағайындауға және оны лауазымынан босатуға келісім беру туралы Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша;

Сот жюриі комиссияларының шешімдеріне судьялардың шағым жасау туралы өтініштері бойынша;

Қазақстан Республикасының Президентіне судьяны ұстап алуға, күзетпен ұстауға не ұйқамаққа алуға, оны күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, судьяны қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру туралы мәселені шешу үшін қорытынды ұсыну туралы мәселелер бойынша;

судьялардың жалпы штат санын, әрбір жергілікті және басқа соттың судьялар санын белгілеуге келісім беру туралы мәселелер бойынша;

Жоғарғы Сотпен бірлесіп, аудандық сот төрағасының, облыстық сот төрағасының және сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Сот судьясының және сот алқалары төрағаларының лауазымына кадр резервін (бұдан әрі – кадр резерві) қалыптастыру мәселелері бойынша;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) сот жүйесін және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;"

мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-1) Кеңестің судья корпусының сапалық құрамын жақсарту, кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру, судьялардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету;

11-2) Кеңес регламентінің жобасын дайындау;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) судья болып жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтардан біліктілік емтихандарын қабылдау, судья лауазымына орналасу үшін біліктілік емтихандарын тапсырған, соттарда тағылымдамадан өткен және облыстық соттардың және оларға теңестірілген соттардың жалпы отырыстарының қорытындыларын алған, сондай-ақ мамандандырылған магистратураны бітірген адамдардың есебін жүргізу бойынша Кеңестің өкілеттіктерін қамтамасыз ету;"

мынадай мазмұндағы 14-1), 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) Кеңестің Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша:

кадр резервін қалыптастыру және онымен жұмысты ұйымдастыру тәртібін;

Кадр резерві жөніндегі республикалық комиссияның төрағасын және комиссия құрамын бекіту жөніндегі жұмысын ұйымдастыру;

14-2) Кеңестің:

судьялыққа кандидаттардың психологиялық тесттен өту тәртібін айқындау;

судьяға куәлік беру тәртібін белгілеу;

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес туралы ережені бекіту жөніндегі жұмысын ұйымдастыру;"

19-тармақ алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі аппаратының құрылымында:

"Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясының қызметін қамтамасыз ету бөлімі" деген жол алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету бөлімі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің және оның жанындағы Біліктілік комиссиясының қызметін қамтамасыз ету бөлімі";

"Ұйымдастыру бөлімі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік бөлім".

11. "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 520-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

"2. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар" деген тарауда:

"Б" корпусы" бөлімінде:

В санаттары тобының В-1 санатында:

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аппараты) басшысының орынбасарлары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аппараты), Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі аппараты басшысының орынбасарлары".

12. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 қарашадағы № 377 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 61-62, 389-күжат):

1-тармақтың 1), 2), 4) және 8) тармақшалары алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2018 жылғы 5 мамырдағы  
№ 681 Жарлығына  
ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір актілерінің  
ТІЗБЕСІ**

1. "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 1, 1-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 11 ақпандағы № 1022 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 8, 79-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 қарашадағы № 1226 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 44, 469- құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы № 1267 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 49, 558-құжат).

5. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығы.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі № 1350 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 19, 234-құжат).

7. "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға беруге болатын су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 1 қарашадағы № 1466 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 44, 543-құжат).

8. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 24 наурыздағы № 1530 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 11, 100-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы тәртіптік кеңестері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 1598 Жарлығының 3-тармағының 7) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 27, 329-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 13 шілдедегі № 1614 Жарлығының 1-тармағының 5) тармақшасы.

11. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы № 1691 Жарлығы.

12. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы № 131 Жарлығының 1-тармағының б) тармақшасы.

13. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы № 196 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 38, 420-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 20 қазандағы № 206 Жарлығының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 39, 429-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 7 ақпандағы № 279 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 3, 35-құжат).

16. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 26 ақпандағы № 291 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 4, 50-құжат).

17. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 309 Жарлығы.

18. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 4 маусымдағы № 337 Жарлығы.

19. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 маусымдағы № 342 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 18, 197-құжат).

20. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 маусымдағы № 352 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 22, 245-құжат).



21. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 23 шілдедегі № 367 Жарлығы.

22. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 384 Жарлығы.

23. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 қарашадағы № 446 Жарлығы.

24. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 30 желтоқсандағы № 505 Жарлығы.

25. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 14 наурыздағы № 553 Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы.

26. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 12 мамырдағы № 587 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 23, 212-құжат).

27. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 17 маусымдағы № 614 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 29, 281-құжат).

28. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі № 1605 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қазандағы № 683 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 41, 455-құжат).

29. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 28 қарашадағы № 702 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 44, 495-құжат).

30. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 722 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 46, 523-құжат)

31. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 25 ақпандағы № 750 Жарлығы.

32. "Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 18, 155-құжат).

33. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 781 Жарлығы.

34. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 және 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 21 мамырдағы № 811 Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы.

35. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 мамырдағы № 815 Жарлығының 1-тармағының 16) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 27-28, 234-құжат).

36. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 30, 259-құжат).

37. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 шілдедегі № 837 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 32, 293-құжат).

38. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 14 шілдедегі № 849 қбп Жарлығы.

39. "Республикалық бюджет жобасын әзірлеу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 тамыздағы № 861 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 36, 342-құжат).

40. "Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 16 қыркүйектегі № 871 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 39, 871-құжат).

41. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 20-21, 150-құжат).

42. "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 25-26, 185-құжат).

43. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 16 қыркүйектегі № 871 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 21 маусымдағы № 1008 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 38, 326-құжат).

44. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығының 4-тармағының 5) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 51, 466-құжат).

45. "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығының 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 3-4, 39-құжат).

46. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1123 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 7, 87-құжат).

47. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 1141 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 15 , 177-құжат).

48. "Өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 мамырдағы № 67 Жарлығының 6-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 37, 438-құжат).

49. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 және 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 мамырдағы № 70 қбп Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы.

50. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 6 мамырдағы № 75 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 37, 441-құжат).

51. "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына

өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 164 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 58, 822-күжат).

52. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 қарашадағы № 182 қбп Жарлығының 1-тармағының 4) тармақшасы.

53. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 192 қбп Жарлығы.

54. "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 199 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 9, 171-күжат)

55. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 213 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 13, 231-күжат).

56. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы қызмет органдары мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 290 қбп Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы.

57. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 302 қбп Жарлығы.

58. "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 311 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 47, 626-құжат).

59. "Астана – жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 3 мамырдағы № 314 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 48, 638-құжат).

60. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы органдары мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 324 қбп Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы.

61. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 344 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы.

62. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 27 тамыздағы № 371 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1 және 3-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 68, 976-құжат).

63. "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 тамыздағы № 372 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 68, 977-құжат).

64. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 74, 1070-құжат).

65. "Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 419 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 77-78, 1128-құжат).

66. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 13 қарашадағы № 425 қбп Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы.

67. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 461 қбп Жарлығы.

68. "Ақпаратты Қазақстан – 2020" мемлекеттік бағдарламасы және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 464 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 11, 200-құжат).

69. "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 наурыздағы № 511 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 19, 316-құжат).

70. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 512 қбп Жарлығы.

71. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 533 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістердің 21-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 22, 351-құжат).

72. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 540 қбп Жарлығы.

73. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы

